Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

24 желтоқсан 2024 жыл № 1912-24-00-2/2433 Қонаев қаласы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Ж.Омарбеков,
хатшылыққа А.Ж.Жақашованы ала отырып,
ашық сот отырысында электронды форматта азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Ким Павел Робертович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Н.Уразбаев
талап қоюшының өкілі Патов М.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

12 шілде 2024 жылы «Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - талап қоюшы, Тапсырыс беруші) және жеке кәсіпкер Ким Павел Робертович (бұдан әрі - жауапкер, Өнім беруші) арасында №129 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасты (бұдан әрі - Шарт).

Шарт талаптары бойынша жауапкер Шартқа қол қойылған сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, жалпы сомасы 272 160 теңге болатын 70 дана акрилді бояуды жеткізу бойынша міндеттеме алған.

Жауапкер тауарды жеткізу бойынша міндеттемесін уақытылы, яғни 28 шілде 2024 жылы дейін орындамады, тауар жеткізілмеді. Алайда, шартта белгіленген уақыттан кешіктіріліп, 15 тамыз 2024 жылы тауар жолданды, бірақ техникалық ерекшелігі бойынша сәйкес келмеді, ол туралы ақаулық актісі толтырылды.

Жауапкер тауарды тиісті сападағы тауарға ауыстырмағандықтан, талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және 6 804 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабымен жүгінді.

Жауапкерден сотқа талап арызға пікір келтірмеді.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі М.Патов талап арызды қолдай отырып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануын және тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 196-бабын негізге ала отырып, іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

Прокурор Н.Уразбаев талап қою қанағаттандырылуға жатады деген қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№ 1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-бөлігінің 3-тармағына сай, жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шартты орындаудан жалтарған әлеуетті өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің заңнаманы бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап отыз күнтізбелік күнінен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 11-бабының 4-тармағындағы 4) тармақшасында - мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 49-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 15.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Омарбеков Н. Д., 04.03.2025
1912-24-3-1/2408

Сот отырысында жауапкер өзіне алған міндеттемені тиесілі түрде орындамағаны, сол себепті мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт орындамалғаны дәлелденді.

Талап қоюшымен сотқа жүгіну мерзімі сақталған, талап арыз 16 қыркүйек 2024 жылы берілді.

Жауапкердің тапсырысты орындамаған туралы уәждерін сот қабылдай алмайды, себебі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 10, 359-баптарына сай, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған іс-әрекеттер кәсіпкерлік болып табылады. Кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Сот, аталған негіздерге сүйене отырып, жауапкер өз міндетемесін орындамады деп, талап арыз қанағаттандырылуға жатады деп тұжырымдайды.

№ 2 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Шарттың 7-бабының 7.3-тармағында өндіруге жататын тұрақсыздық айыбының сомасы шарттары мен мерзімі бекітілген.

Тапсырыс беруші аталған негіздерді басшылыққа ала отырып, №129 Шарттың сомасынан әрбір мерзімі өткен күнге 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын есептеп, кешіктірілген 25 күнге, яғни: 272 160 теңге х 0,1% х 25 күн = 6 804 теңге айыппұл сомасын есептеген.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкермен №129 Шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмаған. Сол себептен талап қоюшының 6 804 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағатандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасы АПК-нің 117-бабының 1-тармақшасының талаптарына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына 2 051 теңге көлемінде мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>

Сот, Қазақстан Республикасы АПК-нің 109,117,223-226,229-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 15.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Омарбеков Н. Д., 04.03.2025

«Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жеке кәсіпкер Ким Павел Робертовичке қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Ким Павел Робертович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Ким Павел Робертовичтен «Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 6 804 (алты мың сегіз жүз төрт) теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы, 130 (бір жүз отыз) теңге төленген мемлекеттік баж және банк комиссиясы 74 (жетпіс төрт) теңге өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Ким Павел Робертовичтен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге риза болмаған жағдайда шешім түпкілікті нысанда дайын болған күннен бастап бір ай мерзім ішінде, Қазақстан Республикасы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым немесе прокурормен апелляциялық өтініш келтіруге болады.

Судья **Н.Ж.Омарбеков**

Құжатқа қол қойылған: Омарбеков Н. Д., 15.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 17.02.2025, судья Омарбеков Н. Д., 04.03.2025